



БҰЙРЫҚ

№ 305/2023

ПРИКАЗ

№ 375

### Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру туралы

Жаңа 2023-2024 оқу жылының басталуына байланысты, балаларды оқуға толық қамту үшін қажетті жағдайларды жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорлары барлық санитарлық нормаларды сақтау арқылы ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.

2. 2012 жылғы 12 наурыздағы №64 қаулысына сәйкес аудан мектептер бойынша бірінші мәзір бекітілсін.

3. Мектеп директорлары 1 және 4 сыныпқа дейін буфеттік және ыстық тамақтандыруды 100 пайыз тегін көрсеткішпен ұйымдастырсын.

4. Жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушылардың тамақтануы жалпы білім қорының есебінен қаржыландырылсын, басқа балалардың тамақтануы ата-аналар мен демеушілердің көмегімен ұйымдастырылсын.

5. Мектеп директорының бұйрығымен оқушылардың тамақтануының есебін жүргізетін және өз уақытында аудандық білім бөліміне тамақтану туралы есепті ұсынатын тұлға тағайындалсын.

6. Мектеп директорлары, жауапты тұлға оқушыларды тегін тамақтанумен қамту туралы мемлекеттік қызмет көрсету ережелеріне сәйкес, құжаттарды тапсыруды ұйымдастыруын қамтамасыз етсін.

7. Бұйрықты мектеп директорларының назарына жеткізу білім бөлімінің әдіскері Д.Е. Мукушеваға жүктелсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Білім бөлімінің басшысы



Нұрова Д.Ш.